

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Заң факультеті

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пән: 10194 Кеден ісін ұйымдастыру

«Кеден ісі 6B04203» білім беру бағдарламасы

Алматы 2025 ж.

Пәннің қорытынды емтихан бағдарламасын құрған: Бахманова Қ.А.
«Кеден ісі 6B04203» білім беру бағдарламасы оқу жоспарының негізінде
әзірленген

Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

№ 21 Хаттама «24» маусым 2025 ж.

Кафедра менежершісі, з.ғ.д., профессор Ауаз Г.А. Куаналиева

Білім беру және оқыту сапасы бойынша академиялық комитетпен мақұлданды.

№ 11 хаттама «25» маусым 2025 ж.

Төрайымы *Урисбаева* А.А. Урисбаева

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды.

№ 10 хаттама «26» маусым 2025 ж.

Ғалым хатшы  Г.М. Атаханова

Кіріспе

«Кеден ісі 6B04203» білім беру бағдарламасы мамандығы бойынша бакалавриат білім алу бағдарламасын игеру ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына және академиялық саясатқа сәйкес, пәнді оқып игеру емтиханды тапсырудан тұратын қорытынды бақылаумен аяқталады. Емтихан - қорытынды бақылауға студенттердің оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, пән бойынша білім алу процесін аяқтап тиісті балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Емтихан академиялық күнтізбеде және оқу жұмыс жоспарында көрсетілген мерзімдерде өткізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған студенттерге осы кезеңдегі қорытынды бақылауды қайта тапсыруға тек ақылы түрде кредит төлеп, қайта оқу арқылы рұқсат етіледі. Апелляция беру қарастырылған. Емтихан нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз баға алған студент университет бұйрығымен қайтадан оқуға тіркеледі, FX қайта тапсырылады. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейінгі берілген денсаулық жағдайына байланысты құжаттар қарастырылмайды.

Кеден ісін ұйымдастыру – 5 кредит. Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:

Тақырып 1: «Кеден ісі, кеден саясаты ұғымдарының түсінігі

Кеден саясаты ішкі және сырты саясаттың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде. Кеден саясатының түсінігі және қағидалары. Кеден саясатының түрлері. Кеден аумағы және кеден шекарасы.

Тақырып 2: Кеден ісінің құқықтық негіздері

Кеден ісінің мәні мен мазмұны

Кеден ісінің тарихы.

Кеден ісінің мақсаттары мен міндеттері

Тақырып 3: кеден құқығының құқық жүйесіндегі орны

Кеден құқығының түсінігі мен ерекшеліктері

Кеден құқығының даму кезеңдері

Кеден құқығының пәні

Кеден құқығының жүйесі

Тақырып 4: Кедендік құқықтық қатынастар

Кедендік құқықтық қатынастардың түсінігі

Кедендік құқықтық қатынастардың белгілері мен түрлері

Кедендік құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтау негіздері.

Тақырып 5: Кеден құқығының субъектілері

Кеден құқығының субъектілерінің түсінігі мен түрлері

Кеден органдары кеден құқығының субъектісі ретінде

Кеден органдарының жүйесі

Кеден органдарында қызметатқару

Кеден органдары мен олардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі

Занды және жеке тұлғалар кеден құқығының субъектісі ретінде

Тақырып 6: Тауарлардың кедендік рәсімдері

Кедендік рәсімдердің жалпы сипаттамасы

Кедендік рәсімдерді жіктеу

Кедендік рәсімдердің түрлері

Тақырып 7: Кедендік төлемдер мен салықтар

Кедендік төлемдердің түсінігі мен түрлері

Кедендік баждар

Кедендік алымдар

Алдын ала шешім үшін төлем Кедендік

ставкалардың түрлері Тауарлардың

кедендік құны Тауарлардың кедендік

құны анықтау

Кедендік төлемер бойынша жеңілдіктер

Тарифтік преференциялар

Тақырып 8: Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарын өткізу тәртібі

Адын ала операцияларды жүргізу тәртібі

Кеден шекарасынан өту және ол жөнінде кеден органдарына хабарлау

Алдын ала кедендік ресімдеу Кедендік ресімдеу

Кедендік ресімдеу ерекшеліктері

Тақырып 9: Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау

Тауарлар мен көлік құралдарын декларациялау

Декларациялау түрлері

Декларациялауға жататын тауарлар

Декларан, оның құқықтары мен міндеттері

Кедендік декларация, оның түрлері

Кеден брокері

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы

Тауарлардың шығарылған жері

Тақырып 10: Кедендік және валюталық бақылау

Кедендік бақылаудың түсінігі

Кедендік бақылау аймағы Кедендік

бақылау жүргізу әдістері Кедендік

бақылау нысандары

Тақырып 11: Кеден заңнамасын бұзғандық үшін жауапкершілік

Кеден заңнамасын бұзғандық үшін әкімшілік жауапкершілік

Кеден заңнамасын бұзғандық үшін құлмыстық жауапкершілік

Кеден органдары лауазымды қызметкерлерінің кедн заңнасын бұзғаны үшін жауапкершілігі

Тақырып 12: Кеден ережелерін бұзғандық үшін істерді қарау тәртібі

Кеден ережелерін бұзғандық үшін істерді қараудың жалпы шарттары

Негіздемелер мен себептер

Кеден ережелерін бұзушылықты қараушы лауазымды тұлғалар

Дәлелдемелер

Атқару өндірісі

Тақырып 13: Қазақтан және Дүниежүзілік сауда ұйымы

ДСҰ-ның Қазақстан экономикасындағы рөлі

ДСҰ саясатын жүзеге асыру механизмдері

Қазақстанның ДСҰ-ндағы экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету

Тақырып 14: ЕАЭО-дағы кедендік қатынастар

ЕАЭО құқықтық негіздері

БЭК-тің даму болашағы
ЕАЭО заңнамасы

Тақырып 15: Кеден саласындағы халықаралық құқықтық қатынастар.

Әлемдік қоғамдастықтағы кедендік қатынастарды құқықтық реттеу
Әлемдік қоғамдастықтағы кедендік қатынастарды тарифтік реттеу
Әлемдік қоғамдастықтағы кедендік қатынастарды тарифтік емес реттеу

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының кеден органдары. Айдарханова К.Н., Қожабек Қ.М., Алматы 2021 ж.- 200 б.
2. Қазақстан Республикасының кеден құқығы. Әлібеков С.Т., Айдарханова К.Н., Қожабек Қ.М., Алматы 2015 ж.- 252 б.
3. Таможенное право. Учебник: В. Н. Сидоров — Санкт-Петербург, Юрайт, 2020 г.- 512 с.
4. Таможенное право. Учебник: К. А. Бекашев, Е. Г. Моисеев — Санкт-Петербург, Проспект, 2020 г.- 328 с.
5. Договор о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза (ТК ЕАЭС) от 11 апреля 2017 года <https://www.zakon.kz/>
6. ҚР кедендік реттеу туралы кодексі 26 желтоқсан 2017 ж. № 123-VI <https://www.zakon.kz/>. 2018 жылдың 1 қаңтарынан күшіне енді.

Интернет-ресурстар: Оқу материалы-дәріс тезистері ҚР кеден құқығы, сондай-ақ үй тапсырмаларын, жобаларды, СӨЖ орындау үшін қажетті оқу-әдістемелік материал сіздің сайтыңыздағы бетте қол жетімді www.univer.kaznu.kz. ПОЭК бөлімінде.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық:

Бағаны көтермелеу мақсатында емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді. Емтихан сұрақтары тексерістен өтіп бекітіледі.

Емтихан нысаны - стандартты ауызша офлайн. Ауызша емтихан: дәстүрлі - сұрақтарға жауаптар. Ауызша емтихан - емтихан кестесі бойынша білім алушы оқытушымен немесе емтихан комиссиясының өкілдерімен қабылданады. Комиссия емтиханның басынан бастап аяқталғанға дейін емтиханның талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Емтихан форматы - офлайн ауызша.

Емтиханды қабылдау факультет бекіткен кестеге сәйкес қабылданады.

Студенттер ауызша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін таңдау түрінде жүзеге асырылады, оған студент емтихан комиссиясына ауызша жауап беруі керек. Ауызша емтихан өткізу кезінде міндетті түрде комиссиямен жүзеге асырылады.

Ауызша емтихан өткізіледі:

- бекітілген дәрісханада;
- комиссия құрамында.

Емтихан өткізуді бақылау

Оқытушы немесе емтихан комиссиясы:

- емтиханның талабын түсіндіреді,
- билет сұрақтарының қайталанбауын тексереді.

Ұзақтығы

Дайындық уақыты - емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы шешеді. Жауап беру уақыты - емтихан алушы немесе емтихан комиссиясы шешеді. Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Емтиханды өткізу кестесі емтихан тапсырушы студенттер мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіс, яғни бекітілген кестеге сәйкес, бекітілген дәрісханада өткізіледі. Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

Емтихан форматы - офлайн ауызша. Білім алушы «осы жерде және қазір» нақты уақыт режимінде емтихан тапсырады.

Емтиханның ұзақтығы - бекітілген кестеде күні мен уақыты көрсетіледі.

Билеттер студенттер үшін автоматты түрде жасалады.

Оқытушы

1. Univer жүйесінде «Қорытынды емтихан бағдарламасы» орналастырылады және пән бойынша қорытынды емтихан pdf форматында, онда көрсетілуі керек:

- емтихан өткізу ережелері;
- Бағалау саясаты;
- өткізу кестесі;
- емтихан өткізу платформасы

Маңызды. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады. Тек қорытынды емтихан бағдарламасында пән бойынша қамтылатын сұрақтар жазылады.

2. Оқытушы міндетті түрде кестедегі емтихан күнін белгілегеннен кейін студенттерге қорытынды емтиханның ережелері қайда орналасқанын хабарлайды.

Емтихан регламентін жариялайды:

- емтихан тапсырушылардың тәртібі,
- дайындық уақыты,
- жауап беру уақыты;
- қажет болған жағдайда қағазда жауаптардың тезистерін құрастыруға рұқсат береді;

- қаламмен;

- емтихан алушы парақты көрсетуі керек екенін ескертеді.

Оқытушы:

1. емтихан тапсырушының тегін, атын және әкесінің атын жариялайды;

2. емтихан алушыдан жекебасын куәландыратын құжатты көрсетуді сұрайды (жеке куәлік немесе төлқұжат. Емтиханды ID-карта бойынша қабылдауға тыйым салынады);

3. қосымша ақпарат көздерін пайдалануға тыйым салу туралы ескертеді;

4. емтихан комиссиясының төрағасы магистранттың аты-жөнін атайды, емтихан билеті және билет сұрақтарын оқыңыз;

6. комиссия студент айтқан сұрақтарды кейінгі сауалнама үшін жазады;

7. жауап дайындауға уақыт береді:

- дайындық уақытын оқытушы және/немесе Комиссия мүшелері анықтайды;
- комиссия мүшелері мен оқытушы магистранттың дайындық процесін бақылайды;

• қажет болған жағдайда ескертулер жасау немесе магистранттың жауабын тоқтату (болған жағдайда бұзу актісін жасай отырып, емтихандағы мінез - құлық қағидаларын өрескел бұзу);

• студенттерге жауаптың конспектісін жасау үшін жобаны пайдалануға рұқсат етіледі;

8. студенттен билет сұрақтары бойынша сұрайды;

9. студенттің жауабы аяқталғаннан кейін емтихан тапсырушыға кетуге рұқсат береді;

10. әрі қарай, рәсім топтың әр студентпен қайталанады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ. СТУДЕНТТІҢ ЕМТИХАН ТАПСЫРУ ҮШІН КОМИССИЯ ЖЕКЕ ШАҚЫРҒАНҒА ДЕЙІН БИЛЕТ АШУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ. ТЕК КОМИССИЯНЫҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША СТУДЕНТ ӨЗ БИЛЕТІН АШАДЫ.

Емтихан басталған кезде комиссия шақырған студент өзінің жеке куәлігін көрсетеді.

Маңызды. Емтихан басталар алдында кез келген емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

Ауызша емтихан үшін аттестаттау ведомостқа балл қою уақыты—48 сағат. Сонымен:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Студенттер мен оқытушы емтихан күні мен уақытын алдын-ала білуі керек.
3. Univer жүйсінде пән бойынша қорытынды емтихан құжатын орналастыруға міндетті.
4. Емтихан басталғанға дейін студенттер алдын ала кеңес беру арқылы байланысады.
5. Емтихан комиссиясының төрағасы емтиханның талабын түсіндіреді.
6. 48 сағат ішінде студенттер жинаған баллдар аттестаттау ведомостқа қойылады.

Бағалау саясаты. Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылаумен емтихандарда құзыреттілікті қалыптастыруды тексеру).

Бағалау саясаты:

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау (аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру).

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау; орындалған тапсырманы бағалау. Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі: $(АБ1+АБ2)/2 \cdot 0,6 + АБ \cdot 0,4$.

Мұнда АБ – аралық бақылау; ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Бағалау шкаласы силлабуста беріледі:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық

C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз

Қорытынды бақылауды бағалау критерилерінің рубрикаторы
Пән: «Кеден ісін ұйымдастыру». Форма: ауызша (офлайн).

№	Балл Критерий	ДИСКРИПТОРЛАР				
		«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1	Пәннің теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Кеден құқығының негізгі қайнар көздері толыққанды сипатталған. ҚР заңнамасы халықаралық келісімдер, халықаралық әдетғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты талданған.	Негізгі қайнар көздер жеткілікті түрде ашылған, бірақ кейбір аспектілер толық қамтылмаған немесе қосымша талдау қажет. Мазмұн жалпы түсінікті, бірақ кейбір маңызды мәселелер беткей сипатталған.	Тақырып үстірт ашылған, негізгі ұғымдар мен қайнар көздер толық қамтылмаған немесе кейбір мәліметтер жетіспейді. Тақырып жалпы түсіндірілгенімен, дәлдік аз.	Тақырып дұрыс ашылмаған немесе халықаралық құқықтың қайнар көздері туралы негізгі түсініктер жоқ.	Қайнар көздер дұрыс талданбаған немесе мүлдем қарастырылмаған.
	Пәннің негізгі мәселелерін ұғынуы	ҚР кеден заңнамасы, халықаралық келісімдер, әдетғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты және дәйекті түрде талданған. Әрқайсысының құқық жүйесіндегі рөлі мен маңызы толық түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер талданған, бірақ кейбір қайнар көздерге қатысты толық емес талдау берілген. Маңызды аспектілер бар, бірақ оларды тереңірек қарастыру қажет.	Кеден құқығының кейбір қайнар көздері қарастырылған, бірақ талдау жеткіліксіз немесе үстірт жүргізілген. Көптеген маңызды қайнар көздер назардан тыс қалған.	Қайнар көздер дұрыс талданбаған немесе мүлдем қарастырылмаған.	Теориялық негіздеме жоқ немесе практикалық мысалдар мүлдем келтірілмеген.
	Практикалық құсынымдар / ұсыныстар	Кеден құқығы қайнар көздерінің теориялық негіздемесі нақты мысалдармен жақсы байланыстырылған.	Теориялық негіздеме дұрыс, бірақ практикалық мысалдар жеткіліксіз немесе кейбір мысалдар толық ашылмаған.	Теориялық негіздеме бар, бірақ ол нақты мысалдармен жеткілікті байланыстырылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе мүлдем жоқ.	Теориялық негіздеме жоқ немесе практикалық мысалдар мүлдем келтірілмеген.	Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз және көптеген қателіктер бар.

		ан. Халықаралық келісімдер мен сот шешімдерінен нақты мысалдар келтірілген, олар жұмысты тереңдетед.				
2	Теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Кедендік төлемдердің негізгі принциптері мен мемлекет бюджеті үшін кедендік төлемдердің маңызы толық әрі жан-жақты ашылған. Дебаттағы позиция мен қарсы аргументтер айқын әрі дәйекті түрде берілген.	Тақырып жеткілікті түрде ашылған, негізгі идеялар мен мәселелер дұрыс түсіндірілген, бірақ кейбір аспектілер жеткіліксіз талқыланған.	Тақырып жалпы қарастырылған, бірақ мазмұнда олқылықтар бар, негізгі мәселелер толық ашылмаған.	Тақырып дұрыс ашылмаған, негізгі мәселелер дұрыс талқыланбаған немесе айтарлықтай қателіктер бар.	Аргументтер жоқ немесе өте әлсіз, олар дәйекті түрде негізделмеген.
	Негізгі мәселелерін ұғынуы	Ұсынылған аргументтер нақты, дәлелді және теориялық негіздемеге сүйенген. Халықаралық құқық, дипломатиялық келісімдер және нақты оқиғаларға сілтемелер берілген.	Аргументтер негізінен дұрыс, бірақ кейбір дәлелдер қосымша негіздеуді талап етеді. Негізгі дереккөздер мен құжаттар пайдаланылады, бірақ толық қамтылмаған.	Аргументтер негізсіз немесе толық емес, дәлелдер жеткіліксіз, теориялық немесе тәжірибелік негіздеме әлсіз.	Қарсы пікірлерге жауап беру жоқ немесе мүлдем әлсіз.	Дереккөздер жоқ немесе дұрыс көрсетілмеген, әдебиеттерге сілтемелер жоқ.
		Барлық пайдаланылған дереккөздер дұрыс және дәл көрсетілген. Құжаттар, келісімдер мен халықаралық заңнамаға толық әрі нақты сілтемелер жасалған.	Пайдаланылған әдебиеттер жеткілікті, бірақ кейбір дереккөздер жетіспейді немесе толық емес. Сілтемелер дұрыс жасалған	Әдебиеттер мен дереккөздер аз немесе олар ескірген. Сілтемелер кейбір жерлерде дұрыс емес.	Дереккөздер жоқ немесе дұрыс көрсетілмеген, әдебиеттерге сілтемелер жоқ.	Тақырып толығымен ашылмаған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері дұрыс сипатталмаған немесе өте үстірт қаралған.
	Ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Тақырып толық ашылған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері толық әрі жан-жақты баяндалған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері негізінен дұрыс талданған, бірақ кейбір аспектілер	Шектеулі практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.	практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.

		Мазмұн дәйекті түрде, терең талдаумен ұсынылған.	тереңдетілмеген.			
3	Теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Кедендік бақылауды қамтамасыз етудің негізгі құжаттары, келісімдер және институттар нақты талданған Кедендік бақылауды қамтамасыз ету бойынша негізгі құжаттарға сілтемелер толық және дәл берілген	Негізгі құжаттар мен институттар негізінен дұрыс сипатталған. Алайда кейбір маңызды құжаттарға немесе аспектілерге тереңірек тоқталу қажет.	Кедендік бақылауды қамтамасыз ету құжаттары мен институттарға аз ғана сілтеме жасалған немесе олар тек жалпы түрде сипатталған.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ мазмұнда елеулі олқылықтар бар. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері аздап қарастырылған.	Тақырып толығымен ашылмаған. Кедендік бақылауды қамтамасыз ету механизмдері дұрыс сипатталмаған немесе өте үстірт қаралған.
	Негізгі мәселелерін ұғынуы	Негізгі ұғымдарын жақсы байланыстырады. Аргументтерді зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, талдау немесе зерттеу, статистикалық талдау негізінде).	Кеден құқықтың өзекті проблемалары ұғымдарын байланыстырады. зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	тұжырымдамаларның шектеулі байланысы. шектеулі қолдану.	байланысы шамалы немесе жоқ. зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.	Кеден құқықтың өзекті проблемалары сұрақтарымен байланысы жоқ. зерттеулерді мүлдем қолданбайды. Сұраққа жауабы мүлдем сай келмейді.
	Жазу, стилі, сауаттылығы	Кеден құқықтың өзекті проблемалары бойынша практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Кеден құқықтың өзекті проблемалары бойынша практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	практикалық ұсынымдар аз немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.	практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

+Қорытынды баға (ҚБ) = (Б1+Б2+Б3+Б4+Б5+Б6+Б7+Б8+Б9+Б10) / 6К, мұнда Б – критерий бойынша балл, К – критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды баллды есептеу мысалы

№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100%	70-89%	50-69%	25-49%	0-24%
1.	1 Критерий	100				
2.	2 Критерий		75			
3.	3 Критерий			60		
4.	4 Критерий				45	
5.	5 Критерий	100				

6.	6 Критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	200+ 75 + 60 + 94= 429 429 / 6 критерийлер =71,5 Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайызға сүйене отырып, біз бағаны бағалау шкаласымен салыстыра аламыз.

72 балл 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес **«Жақсы»** санатына сәйкес келеді.

Осылайша, осы есептеуде жоба дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ге ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес **«Жақсы», 72 балға** бағаланатын болады.